



Астана қ, Иманов к. 11, «Нұрсәулет-1» БО  
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ  
Баспасөз қызметі  
[Bidossov.N@agrocredit.kz](mailto:Bidossov.N@agrocredit.kz) +7-707-693-77-23  
[Kurmanbayev.E@agrocredit.kz](mailto:Kurmanbayev.E@agrocredit.kz) +7-707-555-91-03

## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

### 2017 жылы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын несиелендіру

Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын несиелендірудің жаңартылған бағдарламасын таныстыру мақсатында 2017 жылдың 6 ақпанынан бастап еліміздің барлық аймақтарына көшпелі насихат топтары аттанды. Жаңартылған несие пайыздары мен қаржыландырудың шарттары туралы ақпаратты алғашқылардың бірі болып Қарағанды облысының шаруалары алды. Таныстыру жұмыстарын «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның басшылық құрамы мен филиал директорлары жүргізеді.

2017 жылы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін республикалық бюджеттен 60 млрд. теңге бөлінді. Оның 40 млрд. теңгесін «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ екінші деңгейлі банктер арқылы, ал 15 млрд. теңгені ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне тікелей ұсынуды жоспарлап отыр. Қалған 5 млрд. теңге кредиттік серіктестіктер, микроқаржы ұйымдары мен аймақтық инвестициялық орталықтар арқылы үлестіріледі.

«ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі мен оның еншілес кәсіпорындары шаруаларды қаржыландыратын бағдарламалардың пайыздық мөлшерлемелерін оңтайландыру мақсатында әрдайым жұмыс жүргізіп келеді. Сондықтан биыл көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарына берілетін пайыздық мөлшерлемелер төмендетілді.

Егістік алқаптарын әртараптандыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, несиелеу барысында басымдыққа ие болатын бірқатар ауыл шаруашылығы дақылдарын белгіледі. **Олар: бірінші кезекте, егістік көлемі 407,7 мың гектардан кем болмайтын майлы дақылдар (күнбағыс, рапс, зығыр, соя). Екінші дақыл - арпа, оның егістік көлемі 95 мың гектардан кем болмауы тиіс. Одан бөлек, басымдыққа ие дақылдардың тізімінде: қант қызылшасы, күріш, астыққа арналған жүгері, мақта, сұлы мен картоп бар.**

Басымдыққа ие ауыл шаруашылығы дақылдары бойынша көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын несиелеу 2017 жылдың 1 сәуіріне дейін жүзеге асады. Бұдан соң қаржыландыру қалған дақылдарға жүргізіле бастайды. **Шаруалардан өтініштерді қабылдау басталды.**

Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын несиелендірудің жаңартылған бағдарламасын таныстыру Қазақстанның барлық аймақтарында 2017 жылдың 20 ақпанына дейін жүргізіледі.

**«АГРАРЛЫҚ НЕСИЕ КОРПОРАЦИЯСЫ» АҚ  
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ**